

Келісемін:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Б.Т.Аманбаева

«29» 08 2024 ж.

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Н.Ж.Гаушанова

«29» 08 2024 ж.

«Құрман орта мектебі» КММ
«Сахна таланттары» атты театр үйірмесінің жұмыс жоспары
(үлкен топ, кіші топ)

Үйірме жетекшісі: Аманғалиева Ақмарал Мұратқызы

2024 – 2025 оқу жылы

Драма үйірмесінің бағдарламасы мен тақырыптық жұмыс жоспары

Мақсаты:

Білімділік:

- Мектеп қабырғасында білім алып жатқан оқушылардың арасынан шығармашылыққа бейімдеу, дарынды оқушыларды іріктеу, талантын ұштау, ой-өрісін дамытып, актерлік шеберліктерін қалыптастыру.
- Белгілі драматург жазушылардың шығармашылығымен сусындатып, рухани дүниесін байыту, сөйлеу мәдениетін, қиялын ұштап, ойын көркемдеу.
- Көркем әдебиетке, өлең-сөзге деген қызығушылығын оятып, болашағына бағыт-бағдар беру.

Тәрбиелік:

- Үйірме мүшелерінің талғам мәдениетін қалыптастыру. Адамгершілік қасиеттері мен жауапкершілік қабілеттерін шыңдап, азаматтық тәрбие беру.
- «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» етуге, «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», «жұдырықтай жұмылып, алақандай ашылып» артылған міндетті бір кісідей жұмыла атқаруға тәрбиелеу.

Дамытушылық:

- Үйірме мүшелерінің шығармашылыққа деген көзқарасын қалыптастыру.
- Сахна шеберлігін шыңдап, актерлік қабілетін дамыту.
- Жеке тұлғалық құндылықты, эстетикалық, бейнелі түсінуге бірегей қабілеттерді дамыту.

Міндеті:

- әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мән – мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу;
- көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту;
- жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру;
- актерлік шеберлігін қалыптастыру, дамыту.

Түсінік хат

Үйірме бағдарламасы сыныптардағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне, жұмыс жоспарына сай есептеліп жасалған. Үйірме – бұл мұғалімнің оқушылармен әріптестік қатынаста және нәтижеге қол жеткізуі үшін жұмыс жасауына арналған. Бұл технология қатысушыларды ізденімпаздыққа, таным мен өзін-өзі тануға бағытталған. Үйірменің өз жұмыс мақсаты мен міндеттері бар. Сезіну, елестету, көру, тапсырманы орындау, содан соң ізденімпаздықты ұйымдастыру – жетекшінің тілеген әрекеттері міне, осылар. Оқушының үйірмеге ұмтылысын күшейтетін нәрселер – өз идеяларын ұсыну, жарнамалау, өз жұмысының нәтижесін көру. Үйірме жұмысы үнемі өз жұмысын талдаумен, өз әсерімен бөлісумен аяқталып отырады. Үйірме жұмысы бірнеше бөлімдерден құралған бағдарламадан тұрады. «Сөйлеу мәдениеті мен техникасы» бөлімінде тыныс алу, сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс жасауына бағытталған жаттығулар мен ойындар жүргізіледі. Сондай-ақ, нақты мәнер мен ойлау, орфоэпиялық заңдылықтар түсіндіріледі. Бөлімге байланыс қабілетін дамытатын, қысқаша ертегілер мен әңгімелер құрауға үйренетін, қарапайым іс-әрекеттерді таңдай білетін сөздік ойындар енгізілген.

Келесі «Сымбат пен мүсін икемділігі» бөлімінде баланың қозғалыс қабілеттерін, дене әрекетінің әдемі қимыл қозғалысын, оқу күшін жеңілдетуге бағытталған дамыту ойындары мен жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

«Театральдық ойын» бөлімінде оқушының тек қана кәсіби шеберлігін дамыту қарастырылмайды, сондай-ақ, ойын әрекетіндегі эстетикалық сезімін дамыту, құрдастары мен үлкендер түрлі жағдаяттар арасында өзін дұрыс ұстай білу тәртібі үйретіледі. .

«Әдеп пен мәдениет» бөлімінде оқушылардың өмірдің мәні мен құндылықтарын түсіну, жалпы адамзаттық бағалы қасиеттерді ұғыну, сөйлесу мәдениеті мен өзін ұстай білу әдебін, эстетикалық мәдениетті (талғамы бар оқырман, көрермен бола білуге) білу үйретіледі.

Үйірменің жұмыс кестесі 4 сағаттан аптасына екі рет 8 сағат жүргізіледі.

Күтілетін нәтижелер:

Біледі:

- ✓ Театр деген не?
- ✓ Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді
- ✓ Театр неден пайда болды?
- ✓ Театрдың қандай түрлері бар? (Қуыршақ, драмалық, опера, балет, музыкалық комедиялар, халықтық)
- ✓ Театр қойылымдарын (спектакльдерді) кімдер жасайды?

Түсінігі болады

- ✓ Сахнаның негізгі техникалық құралдары жөнінде
- ✓ Сахнаның безендірілуі жөнінде
- ✓ Сахна мен көрермен залында өзін – өзі ұстау ережелі туралы

Үйренеді:

- ✓ Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді
- ✓ Бейнелі ойлауды
- ✓ Назарын аударып білуді
- ✓ Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

Таланттарын үстемелейді:

- ✓ Кейіпкермен (сыныптастармен) сөйлесу
- ✓ Қарапайым актер шеберлігі
- ✓ Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау
- ✓ Сыртқы зиян келтірушілерге дәл, бейнелі әсер ету
- ✓ Ұжыммен жұмыс

Жаңашылдығы:

Бағдарламада театрлық-ойын әрекетінің құралдары жүйеленген, балалар шығармашылығының түрлі жанрлары театрлық көрініске ену арқылы іске асуына негізделген.

«Сахна таланттары» атты драма үйірмесінің **Кіші топ жұмыс жоспары**
Жылына 288 (144сағат -Кіші топ) Аптасына 4 сағат (0.5)

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе әңгіме. Үйірменің жұмыс жоспарымен таныстыру. Үйірмеге қатысушылар тізімін жасау.	2	2.09..24
2	Адамның дауысы мен сөйлеу мәнеріЖаттығулар	2	4.09.24
3	Мимика, қимыл-қозғалыс, ым-ишара . «Ажалдан құтқарған асыл сөз» қойылымымен танысу , рөлді оқушыларға бөлу.	2	9.09.24
4	Назар аударуды дамыту ойындары. «Алып анадан туады» көрініс дайындау оқушыларға рөлді бөлу	2	11.09.24
5	«Алып анадан туады» көрінісі бойынша сахнаны безендіру, костюмдерді дайындау , қойылымды қою	2	16.09.24
6	Жан- жануарлардың әрекетінен этюдтер жасау. Тілдер апталығы аясында «Тілім менің – тірлігімнің айғағы»	2	18.09.24
7	Алтын балта»қойылымын қою. Сахнаны, костюмдер дайындау	2	23.09.24
8	«Алтын балта» қойылымын қою. Сахнаны, костюмдер дайындау	2	25.09.24
9	Күнделікті өмірдегі ауызекі сөйлеу түріне этюд. Сахнаны дайындау	2	30.09.24
10	. Демге арналған тренинг-жаттығуларӨлең жолдарын мәнерлеп оқу. Мысал өлеңдер	2	2.10.24
11	. Диалог . Интонация, көңіл-күй, персонаж характері Диалогтік шығармаларды оқу	2	7.10.24

12	Сахналық «Көгерменге сөйлеу» этюдін үйрену. Отработка сценического этюда «Обращение» («Танысу», «Тілек тілеу», «Айна»).	2	9.10.24
13	Рольдегілердің мінез-құлық, түр, түс ерекшелігіне (сыртқы бейнесі мен дауыс мәнерін және т.б. ескере отырып) қарай соған сай келетін жас әртістерді рольдерге бөлу.	2	14.10.24
14	Рольдегілердің мінез-құлық, түр, түс ерекшелігіне (сыртқы бейнесі мен дауыс мәнерін және т.б. ескере отырып) қарай соған сай келетін жас әртістерді рольдерге бөлу.	2	16.10.24
15	«Қыран елім – Қазақстаным» мәнерлеп оқу сайысы. Оқушыларға ақындардың өлең шумақтарын беру, дауыстарын қою	2	21.10.24
16	«Қыран елім – Қазақстаным» мәнерлеп оқу сайысы.	2	23.10.24
17	1,2- көріністердегі рольдермен жұмыс жасау	2	28.10.24
18	«Қызыл Телпек» ертегісі	2	30.10.24
19	«Қызыл Телпек» ертегісіне костюмдер , сахналау	2	4.11.24
20	1,2- көріністердегі рольдермен жұмыс жасау	2	6.11.24
21	3,4,5,6,7 - көріністердегі рольдермен жұмыс жасау. (Диалог барысындағы мимикамен, ой екпінімен, сахналық безендірумен жұмыс жасау)	2	11.11.24
22	8,9,10- көріністердегі рольдермен жұмыс жасау. (Диалог барысындағы мимикамен, ой екпінімен, сахналық безендірумен жұмыс жасау)	2	13.11.24
23	Психофизикалық тренинг, этюдке дайындық.	2	18.11.24
24	«Шалқан» ертегісі	2	20.11.24
25	«Шалқан» ертегісі	2	25.11.24
26	«СПИД – ға сыр дерті», «Салауатты өмірді қолдаймыз» тақырыптарында көрініс көрсету	2	27.11.24

27	Ертегінің сценариімен танысып үйрену. («Қызыл телпек» ертегісінің жаңа нұсқасы мазмұны желісімен). Ертегі мазмұнын ашуға сай келетін музыка таңдау. Дайындық жұмысы.	2	2.12.24
28	Костюмдермен, безендірумен, музыкалық қосымшамен бірге күрделі дайындық жұмысын жүргізу.Ертегіні қою	2	4.12.24
29	Тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай «Желтоқсан жаңғырығы» атты тақырыпқа шара ұйымдастыру, көрініске оқушыларды дайындау, рөлге бөлу	2	9.12.24
30	Тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай «Желтоқсан жаңғырығы» атты тақырыпқа шара ұйымдастыру.сахнаны безендіру, қойылымдарды қою	2	11.12.24
31	Мұқағали Мақатаевтың 91 жылдығына арналған «Мұқағали Мәңгілік ғұмыр» атты тақырыпта үйірменің ашық отырысы	2	18.12.24
32	.Сахнаны дайындау, оқушыларды көрініске дайындап, костюмдерін іздестіру, шараны өткізу	2	23.12.24
33	«Әдеп пен мәдениет» тақырыбында шығармалармен танысу.	2	25.12.24
34	Тыныс алуды дамыту мен сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс істеуіне бағытталған ойындар мен жаттығулар	2	30.12.25
35	Тілдік сөйлеу қызметін дамытуға арналған ойындар	2	6.01.24
36	«Білім - күш» сабағы. Оқу-білім тақырыбындағы шығармалармен жұмыс жасау.	2	8.01.25
37	Қимыл-қозғалыстың икемділігіне дайындық. Доптармен жаттығулар.	2	13.01.25
38	Мәтіндегі ойға сөздік іс-әрекет.	2	15.01.25
39	Байқау қабілетін дамыту	2	20.01.25
40	Күрделі суретпен жұмыс жасап үйрену және елестеру қабілетін дамыту («жағымсыз бейнелер»).	2	22.01.25

41	С.Дөнентаевтың мысал өлеңдерін сахналау	2	27.01.25
42	С.Дөнентаевтың мысал өлеңдерін сахналау	2	29.01.25
43	Артикуляция мүшелерімен, дикциямен (мәнер) және орфоэпиялық ережелермен танысу жұмыстары (2	3.02.25
44	«Бауырсақ» ертегісі	2	5.02.25
45	«Бауырсақ» қойылым дайындау	2	10.02.25
46	«Ата-анаңды құрметті» қойылымы	2	12.02.25
47	«Ата-анаңды құрметті» қойылымы	2	17.02.25
48	«Күншуақ елі» сахналық қойылым	2	19.02.25
49	«Күншуақ елі» сахналық қойылым	2	24.02.25
50	«Жеті лақ» ертегісі	2	26.02.25
51	Жеті лақ ертегісі костюмдер	2	3.03.25
52	«Аналар – асылым, Арулар – жан сырым» атты тақырыпта арнау өлеңдер, сахналық қойылымдар	2	5.03.25
53	«Аналар – асылым, Арулар – жан сырым» атты тақырыпта арнау өлеңдер, сахналық қойылымдар	2	10.03.25
54	«Екі сараң қонжық»ертегі	2	12.03.25
55	«Екі сараң қонжық»ертегі	2	17.03.25
56	Сахналық қойылым , сахналық безендіру, костюмдер дайындығы	2	19.03.25
57	«Науырызым мерекем, Салт-дәстүрім берекем» қойылымдар тауып, рөлге бөлу, сөздерін жаттау	2	24.03.25

58	«Науырызым мерекем, Салт-дәстүрім берекем» шараны өткізу, сахнаны безендіру, дайындау	2	26.03.25
59	Жеті лақ. Рөлдерге бөлу	2	2.04.25
60	Жеті лақ	2	7.04.25
61	«Түлкі, тасбақа, кене»	2	9.04.25
62	«Түлкі, тасбақа, кене»	2	14.04.25
63	Б. Майлин «Күшпәш» әңгімесі. оқушыларды дайындау, өлең шумақтарын беру, дауыстарын қою, жаттауын қадағалау	2	16.04.25
64	Б. Майлин «Күшпәш» әңгімесіне сахналық қойылым... сахналық безендіру, костюмдер дайындығы	2	21.04.23
65	«Түлкі,қасқыр,жолбарыс».	2	23.04.25
66	«Түлкі,қасқыр,жолбарыс». Сахнаны безендіру, оқушылардың костюмін дайындау	2	28.04.25
67	«Бір шаңырақ астында» ынтымақ күні	2	30.04.25
68	Ы.Алтынсарин әңгімелерімен танысу. Сахналық көрініс	2	5.05.25
69	.Оқушыларға рөлге бөліп беру	2	12.05.25
70	Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» рөлге бөлу	2	14.05.25
71	«Менің атым Қожа» Сахнаны безендіру, оқушылардың костюмін дайындау	2	19..05.25
72	Қорытынды сабақ.Кеш өткізу	2	21.05.25

«Сахна таланттары» атты драма үйірмесінің Үлкен топ жұмыс жоспары
Жылына 288 сағат Аптасына 4 сағат (0.5) (Үлкен топ 144)

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе әңгіме. Үйірменің жұмыс жоспарымен таныстыру. Үйірмеге қатысушылар тізімін жасау.	2	2.09..24
2	. Актерлік өнердің негіздері Ақын-жазушылардың өлеңдерін жатқа оқу	2	4.09.24
3	Адамның дауысы мен сөйлеу Үйірме мүшелерін шығарма, эссе (ойтолғау), өлең жаза білуге үйрету (өлең құрылысы, сөз жүйесі, тіл тазалығын дағдыландыру)	2	9.09.24
4	Рольдерін ойнау, дайындық. Диалог кезіндегі мимикамен, ой екпінімен жұмыс жасау.	2	11.09.24
5	Түрлі әңгімелерден рольдік ойындарға этюдтер жасау. Тілдер апталығы аясында «Тілім менің – тірлігімнің айғағы»	2	16.09.24
6	Мимика, қимыл-қозғалыс, ым-ишара . Есте сақтау қабілетіне арналған актерлік өнер сабағы «Ажалдан құтқарған асыл сөз» қойылым қою	2	18.09.24
7	. Қимыл-қозғалысқа этюд 1 Өмірде кездесетін жағдаяттарға этюд	2	23.09.24
8	Адамдармен тілдік қарым-қатынас жасау технологиясы Күнделікті өмірдегі ауызекі сөйлеу түріне этюд.	2	25.09.24
9	. Демге арналған тренинг-жаттығулар Өлең жолдарын мәнерлеп оқу. Мысал өлеңдер	2	30.09.24

10	. Диалог . Интонация, көңіл-күй, персонаж характері Диалогтік шығармаларды оқу	2	2.10.24
11	«Аққулар ұйықтағанда» қойылымының сценарийімен танысу.	2	7.10.24
12	Костюмдерді талқылау, рөлдерді бөлу. Аққулар ұйықтағанда	2	9.10.24
13	Сахналық «Көрерменге сөйлеу» этюдін үйрену. Отработка сценического этюда «Обращение» («Танысу», «Тілек тілеу», «Айна»).	2	14.10.24
14	Театр құрылымымен, оның негізгі мамандары: актер, режиссер, сценарист, суретші, гримермен танысу. Сахналық этюд «Театр мамандарын» үйрену.	2	16.10.24
15	«Қыран елім – Қазақстаным» мәнерлеп оқу сайысы «Менің арманымдағы Қазақстан» эссе байқауы	2	21.10.24
16	Сахналық этюд «Жарнама», «Мүсін», « Қайшылық» , жұптық сахналық этюдтер «Өте үлкен сурет», «Пейзаж» Алар көсе қойылымы.	2	23.10.24
17	Сахналық этюдтер. Мәтін бойынша шумен безендіру, топқа бөліну, сахналық этюдтерді жасау. Қожанасыр ертегісі	2	28.10.24
18	«Сөз көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы» атты тақырыпта А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай үйірме мүшелерінің қатысуымен мәнерлеп оқу сайысы	2	30.10.24
19	Рольдегілердің мінез-құлық, түр, түс ерекшелігіне (сыртқы бейнесі мен дауыс мәнерін және т.б. ескере отырып) қарай соған сай келетін жас әртістерді рольдерге бөлу. Ертегіні мәнерлеп оқу.	2	4.11.24
20	1,2- көріністердегі рольдермен жұмыс жасау. (Диалог барысындағы мимикамен, ой екпінімен, сахналық безендірумен жұмыс жасау)	2	6.11.24

21	3,4,5,6,7 - көріністердегі рольдермен жұмыс жасау. (Диалог барысындағы мимикамен, ой екпінімен, сахналық безендірумен жұмыс жасау)	2	11.11.24
22	8,9,10- көріністердегі рольдермен жұмыс жасау. (Диалог барысындағы мимикамен, ой екпінімен, сахналық безендірумен жұмыс жасау)	2	13.11.24
23	Психофизикалық тренинг, этюдке дайындық. Сымбат пен жүріс әсемдігін меңгеру.	2	18.11.24
24	«Елі сүйген – Елбасы» мәнерлеп оқу сайысы, қойылым	2	20.11.24
25	«СПИД – ға сыр дерті», «Салауатты өмірді қолдаймыз» тақырыптарында көрініс көрстеу	2	25.11.24
26	А.Байтұрсынов мысал өлеңдері	2	27.11.24
27	А.Байтұрсынов мысал өлеңдері	2	2.12.24
28	Ертегінің сценариімен танысып үйрену. («Қызыл телпек» ертегісінің жаңа нұсқасы мазмұны желісімен).	2	4.12.24
29	Ертегі мазмұнын ашуға сай келетін музыка таңдау. Дайындық жұмысы.	2	9.12.24
30	Костюмдермен, безендірумен, музыкалық қосымшамен бірге күрделі дайындық жұмысын жүргізу.	2	11.12.24
31	Ертегіні оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер алдында қою.	2	18.12.24
32	Мұқағали Мақатаевтың 91 жылдығына арналған «Мұқағали Мәңгілік ғұмыр» атты тақырыпта үйірменің ашық отырысы	2	23.12.24
33	Әдептің жалпы адам мәдениетімен байланысы Адамның бір-біріне сыйластығы, жер табиғатына, Отанға, балалық шаққа, кәрілікке, ата-анаға, нанға, білімге, өз-өзіне және барлық білмейтін нәрсеге сыйластық қарым-қатынас.	2	25.12.24
34	«Адам – ұлы құндылық» тақырыбында өз жақындарының суреттерімен әңгіме құрау. («Әлемде қызықсыз адам жоқ»)	2	30.12.25

35	Сахналық этюд «Театр ілгіштен басталады, ал, әдеп «сиқырлы» сөздерден басталады» (Әдеп).	2	6.01.24
36	Жағымсыз қылық, іс-әрекеттердің зияны (Мәдениет)	2	8.01.25
37	«Әдеп пен мәдениет» тақырыбында шығармалармен танысу.	2	13.01.25
38	Тыныс алуды дамыту мен сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс істеуіне бағытталған ойындар мен жаттығулар	2	15.01.25
39	Тілдік сөйлеу қызметін дамытуға арналған ойындар «Басын іздейміз», «Құрастырушы», «Екінші жартысын табайық», «Алғашқы әріп бойымен» , «Бірнешеуден біреуін»	2	20.01.25
40	«Білім - күш» сабағы. Оқу-білім тақырыбындағы шығармалармен жұмыс жасау.	2	22.01.25
41	Қимыл-қозғалыстың икемділігіне дайындық. Доптармен жаттығулар.	2	27.01.25
42	Мәтіндегі ойға сөздік іс-әрекет. Сөйлеу мен дене әрекеті (дене мен сөйлеу жұмыстарын елестету, жасау, ой қимыл икемділігі арқылы ашылады)	2	29.01.25
43	Байқау қабілетін дамыту. (Өз бақылауы негізінде этюд көрсету. Адам мінезін, оның қоршаған ортаға қарым-қатынасын түсіну мен түсіндіру).	2	3.02.25
44	Күрделі суретпен жұмыс жасап үйрену және елестеру қабілетін дамыту («жағымсыз бейнелер»).	2	5.02.25
45	С.Дөнентаевтың мысал өлеңдерін сахналау	2	10.02.25
46	Артикуляция мүшелерімен, дикциямен (мәнер) және орфоэпиялық ережелермен танысу жұмыстары (Өріптерді қайталау, дауыстыларды, дауыссыздардың түрлерінің кезектесіп келуімен жаттығулар жасау, мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштар арқылы жаттығу)	2	12.02.25
47	Ғ.Мүсірепов » ана шығармаларынан қойылым дайындау	2	17.02.25
48	«Ата-анаңды құрметті» қойылымы	2	19.02.25
49	Затсыз этюд (инеге жіпті салу, киімдерді чемоданға жинау, қарындаштың ұшын шығару, шай	2	24.02.25

	күю,		
50	«Күншуақ елі» сахналық қойылым	2	26.02.25
51	Абай Құнанбаев шығармаларынан сахналық қойылым	2	3.03.25
52	«Аналар – асылым, Арулар – жан сырым» атты тақырыпта арнау өлеңдер, сахналық қойылымдар	2	5.03.25
53	Назар аударуды дамыту ойындары.	2	10.03.25
54	«Найман-ана» сахналық қойылым	2	12.03.25
55	«Науырызым мерекем, Салт-дәстүрім берекем»а қойылымдар	2	17.03.25
56	Әдептілік түсінігі. Қасиеттің алтын ережесі « Өзгелер сенімен қандай қарым-қатынаста болғанын қаласаң, сен де олармен сондай қатынас жаса» (Әдептілік пен мәдениет тақырыбындағы өлең-жырлар)	2	19.03.25
57	Әдептілік тақырыбын дамыту. (Сахналық этюдтер «Автобус», «Сын», «Жол», «Керіс»)	2	24.03.25
58	Кейіпкермен жұмыс. Бет әлпет мимикасымен жұмыс жасау, талдау. Шаш үлгісі мен париктер.	2	26.03.25
59	М.Дулатұлы шығармаларына сахналық қойылым	2	2.04.25
60	Оқушыларды бет-әлпет, мінез-құлық, дауыс мәнері ерекшеліктеріне қарай рольдерге бөлу. (сырт бейнесі, және т.б. сай келуі ескеріледі. Жекелеген көріністермен дайындық.	2	7.04.25
61	Ұсынылатын, қажетті жағдайларды ұйымдастыру, әр кейіпкердің сахнадағы жүріс-тұрыс ерекшелігіне тоқталу. Сахналық безендірулер мен костюмдер, музыкалық әрлеу туралы әңгімелеу.	2	9.04.25
62	Пантомимикалық іс-әрекеттермен дайындық.	2	14.04.25
63	Сахналық безендірумен, костюмдермен, музыкалық әрлеумен бірге күрделі дайындық жұмысы.	2	16.04.25
64	Белсенді оқушылар алдында сахналау.	2	21.04.23

65	«Қадір Мырзалиев» шығармашылығына көө өткізу	2	23.04.25
66	Төлеген Айбергенов шығармашылығына кеш өткізу	2	28.04.25
67	Б. Майлин «Күшпәш» әңгімесіне сахналық қойылым	2	30.04.25
68	«Ынтымақ күні» іс-шарасында үйірме мүшелерімен қатар әр топ өздеріне бөлінген ұлттың салт дәстүрі мен тағамдарын таныстырып өтулері қажет. Мерекелік шара	2	5.05.25
69	«Ешкім де, еш нәрсе де ұмыт қалмайды» эссе, өлең оқу	2	12.05.25
70	«Ешкім де, еш нәрсе де ұмыт қалмайды» эссе, өлең оқу	2	14.05.25
71	Сөйлеу мәдениеті адам бейнесі мен оның тартымдылығын құрайтын негізгі бөлік ретінде	2	19..05.25
72	Қорытынды сабақ.Кеш өткізу	2	21.05.25